

**«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы**

**Қаржылық есептілік**

*2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,  
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

## МАЗМҰНЫ

---

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

### Қаржылық есептілік

|                                              |      |
|----------------------------------------------|------|
| Қаржылық жағдай туралы есеп .....            | 1    |
| Жиынтық кіріс туралы есеп .....              | 2    |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп ..... | 3    |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп .....     | 4    |
| Қаржылық есептілікке ескертпелер.....        | 5-35 |

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының Акционері мен Басшылығына

### **Пікір**

Біз «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі - «Ұйым») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

### **Пікірді білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### **Басшылықтың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Басшылық Ұйымның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### ***Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;



- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

## „Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адиль Сыздыков  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы  
23 желтоқсандағы № МФ-0000172  
біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 22 ақпан



Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы  
МФЮ-2, № 0000003 болатын Қазақстан  
Республикасының аумағында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

|                                                                                  |         | 31 желтоқсанға     |                    |
|----------------------------------------------------------------------------------|---------|--------------------|--------------------|
|                                                                                  | Ескерт. | 2022 жылғы         | 2021 жылғы         |
| <b>Активтер</b>                                                                  |         |                    |                    |
| <b>Айналымнан тыс активтер</b>                                                   |         |                    |                    |
| Негізгі құралдар                                                                 | 4       | 511.433.095        | 421.269.908        |
| Материалдық емес активтер                                                        |         | 1.411.812          | 1.232.636          |
| Айналымнан тыс қаржы активтері                                                   | 5       | 5.053.417          | 3.762.258          |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив                                           | 12      | 12.522.904         | 12.200.711         |
| Айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар                                   |         | 17.506.475         | 21.593.708         |
| <b>Айналымнан тыс активтер жиыны</b>                                             |         | <b>547.927.703</b> | <b>460.059.221</b> |
| <b>Айналымдағы активтер</b>                                                      |         |                    |                    |
| Тауар-материалдық қорлар                                                         | 6       | 20.793.126         | 14.321.978         |
| Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелуге ҚҚС                                |         | 15.650.366         | 23.377.224         |
| Корпоративтік пайда салығы бойынша алдын ала төлем                               |         | 8.529.663          | 2.018.848          |
| Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары                             |         | 34.165.975         | 12.670.967         |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек                                           | 5       | 91.022.681         | 72.168.758         |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары                                                | 5       | 108.134.904        | 86.929.981         |
| <b>Айналымдағы активтер жиыны</b>                                                |         | <b>278.296.715</b> | <b>211.487.756</b> |
| <b>Активтердің жиыны</b>                                                         |         | <b>826.224.418</b> | <b>671.546.977</b> |
| <b>Капитал</b>                                                                   |         |                    |                    |
| Акционерлік капитал                                                              | 7       | 334.275.985        | 334.275.985        |
| Бөлінбеген пайда                                                                 |         | 307.246.042        | 211.946.061        |
| <b>Капитал жиыны</b>                                                             |         | <b>641.522.027</b> | <b>546.222.046</b> |
| <b>Міндеттемелер</b>                                                             |         |                    |                    |
| <b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>                                               |         |                    |                    |
| Резервтер                                                                        | 8       | 41.078.989         | 37.429.380         |
| <b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны</b>                                         |         | <b>41.078.989</b>  | <b>37.429.380</b>  |
| <b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>                                              |         |                    |                    |
| Резервтер                                                                        | 8       | 6.134.797          | 5.543.005          |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық |         | 47.247.083         | 32.328.933         |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек                                          |         | 90.241.522         | 50.023.613         |
| <b>Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны</b>                                     |         | <b>143.623.402</b> | <b>87.895.551</b>  |
| <b>Міндеттемелер жиыны</b>                                                       |         | <b>184.702.391</b> | <b>125.324.931</b> |
| <b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>                                           |         | <b>826.224.418</b> | <b>671.546.977</b> |

Бас директор

Н.И. Қилыбай

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

К.Ж.Бекмағанбетов

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

К.Т.Нурпиисов

Бас бухгалтер

А.И.Успанова

5-35 бет аралығындағы қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП***Мың теңгемен*

|                                                                                                                                                 | Ескерт. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|-----------------------------------|--------------------|
|                                                                                                                                                 |         | 2022 жылғы                        | 2021 жылғы         |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім                                                                                                | 9       | 901.182.841                       | 712.106.437        |
| Өткізудің өзіндік құны                                                                                                                          | 10      | (468.064.804)                     | (338.793.189)      |
| <b>Жалпы пайда</b>                                                                                                                              |         | <b>433.118.037</b>                | <b>373.313.248</b> |
| Өткізу шығыстары, жалпы және әкімшілік шығыстар                                                                                                 | 11      | (297.805.000)                     | (222.117.524)      |
| <b>Операциялық пайда</b>                                                                                                                        |         | <b>135.313.037</b>                | <b>151.195.724</b> |
| Қаржылық кіріс                                                                                                                                  |         | 3.444.088                         | 1.735.733          |
| Қаржылық шығындар                                                                                                                               |         | (4.561.442)                       | (3.717.988)        |
| Негізгі құралдарды шегеруден болған залал, нетто                                                                                                |         | (793.259)                         | (2.531.242)        |
| Оң бағамдық айырма, нетто                                                                                                                       |         | 3.214.553                         | 3.525.897          |
| <b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>                                                                                                           |         | <b>136.616.977</b>                | <b>150.208.124</b> |
| Табыс салығы бойынша шығыс                                                                                                                      | 12      | (34.108.854)                      | (38.285.501)       |
| <b>Бір жылғы пайда</b>                                                                                                                          |         | <b>102.508.123</b>                | <b>111.922.623</b> |
| <b>Басқа да жиынтық кіріс</b>                                                                                                                   |         |                                   |                    |
| <i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық кіріс сомалары (салықтарды шегере отырып):</i> |         |                                   |                    |
| Белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс                                                        |         | 2.990.661                         | 898.408            |
| <b>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</b>                                           | 8       | <b>2.990.661</b>                  | <b>898.408</b>     |
| <b>Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны</b>                                                                               |         | <b>105.498.784</b>                | <b>112.821.031</b> |

Бас директор

Н.И. Қилыбай

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

К.Ж.Бекмағанбетов

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

К.Т.Нурпиисов

Бас бухгалтер

А.И.Успанова

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП***Мың теңгемен*

|                                                                                              | Ескерт. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін |               |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|---------|-----------------------------------|---------------|
|                                                                                              |         | 2022 жылғы                        | 2021 жылғы    |
| <b>Операциялық қызмет</b>                                                                    |         |                                   |               |
| Салық салынғанға дейінгі пайда                                                               |         | 136.616.977                       | 150.208.124   |
| <b>Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер</b> |         |                                   |               |
| Тозу, тауысылу және амортизация                                                              | 10, 11  | 55.507.172                        | 50.150.319    |
| Негізгі құралдарды шегеруден болған залал, нетто                                             |         | 793.259                           | 2.531.242     |
| Бағамдық айырмадан іске асырылмаған кіріс, нетто                                             |         | (5.731.227)                       | (2.480.684)   |
| Резервтердегі өзгеріс                                                                        |         | 4.055                             | (4.733.938)   |
| КНЗ резервін есептеу                                                                         | 5       | 93.169                            | 388.043       |
| Басқа да ақшалай емес шығыстар/(кірістер), нетто                                             |         | 95.926                            | (336.888)     |
| Қаржылық шығындар                                                                            |         | 4.561.442                         | 3.717.988     |
| Қаржылық кіріс                                                                               |         | (3.444.088)                       | (1.735.733)   |
|                                                                                              |         | 188.496.685                       | 197.708.473   |
| <b>Айналым капиталына түзетулер</b>                                                          |         |                                   |               |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс                                                         |         | (6.471.148)                       | (3.064.287)   |
| Салықтар бойынша алдын ала төлемдегі және өтелуге ҚҚС-тегі өзгеріс                           |         | 7.260.623                         | (364.692)     |
| Төленген аванстар мен келешек кезеңдердің шығыстарындағы өзгеріс                             |         | (23.175.909)                      | (2.620.067)   |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешектегі өзгерістер                                        |         | (18.234.953)                      | (16.283.413)  |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгерістер                                       |         | 22.933.575                        | 3.051.153     |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың және төленуге жататын рента салығының өзгеруі |         | 14.918.150                        | 16.342.064    |
|                                                                                              |         | 185.727.023                       | 194.769.231   |
| Алынған сыйақы                                                                               |         | 2.695.892                         | 1.254.668     |
| Төленген табыс салығы                                                                        |         | (40.475.627)                      | (31.741.709)  |
| <b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>                                       |         | 147.947.288                       | 164.282.190   |
| <b>Инвестициялық қызмет</b>                                                                  |         |                                   |               |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу                                   |         | (128.946.937)                     | (98.412.529)  |
| Мерзімді депозиттерді орналастыру, нетто                                                     |         | (1.128.197)                       | (2.957.671)   |
| <b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>                               |         | (130.075.134)                     | (101.370.200) |
| <b>Қаржылық қызмет</b>                                                                       |         |                                   |               |
| Бас компанияға төленген дивидендтер                                                          | 7       | –                                 | (20.000.401)  |
| Акционерлерге өзге де бөлу                                                                   | 7       | (2.398.457)                       | (842.156)     |
| <b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>                                    |         | (2.398.457)                       | (20.842.557)  |
| <b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі</b>                                     |         | 15.473.697                        | 42.069.433    |
| Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері                   |         | 5.731.226                         | 2.480.684     |
| 1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары                                                 |         | 86.929.981                        | 42.379.864    |
| <b>31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары</b>                                      | 5       | 108.134.904                       | 86.929.981    |

Бас директор

Н.И. Қилыбай

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

К.Ж.Бекмағанбетов

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

К.Т.Нурпиисов

Бас бухгалтер

А.И.Успанова

5-35 бет аралығындағы қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

|                                  | Ескерт. | Акционерлік капитал | Бөлінбеген пайда   | Жиыны              |
|----------------------------------|---------|---------------------|--------------------|--------------------|
| <b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>     |         | 334.275.985         | 119.518.547        | 453.794.532        |
| Бір жылғы пайда                  |         | –                   | 111.922.623        | 111.922.623        |
| Басқа да жиынтық кіріс           | 8       | –                   | 898.408            | 898.408            |
| <b>Жиынтық кіріс жиыны</b>       |         | –                   | 112.821.031        | 112.821.031        |
| Дивидендтер                      | 7       | –                   | (20.000.401)       | (20.000.401)       |
| Акционерлерге өзге де бөлу       | 7       | –                   | (393.116)          | (393.116)          |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b> |         | <b>334.275.985</b>  | <b>211.946.061</b> | <b>546.222.046</b> |
| Бір жылғы пайда                  |         | –                   | 102.508.123        | 102.508.123        |
| Басқа да жиынтық кіріс           | 8       | –                   | 2.990.661          | 2.990.661          |
| <b>Жиынтық кіріс жиыны</b>       |         | –                   | 105.498.784        | 105.498.784        |
| Акционерлерге өзге де бөлу       | 7       | –                   | (10.198.803)       | (10.198.803)       |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b> |         | <b>334.275.985</b>  | <b>307.246.042</b> | <b>641.522.027</b> |

Бас директор

Н.И. Қилыбай

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

К.Ж.Бекмағанбетов

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

К.Т.Нурпиисов

Бас бухгалтер

А.И.Успанова

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

*Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе*

---

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылғы 25 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ» немесе «Бас компания») Директорлар кеңесінің ҚМГ БӨ өндірістік филиалдарының негізінде жаңа еншілес ұйымдарды құру туралы шешімін іске асыру нәтижесінде құрылды. Компания өзінің өндірістік қызметін ҚМГ БӨ-ден көмірсутек шикізатын өндіруге және барлауға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын, сондай-ақ «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалының активтері мен міндеттемелерін алғаннан кейін 2012 жылғы 1 шілдеден бастады.

Компания көмірсутекті шикізатты сатып алумен, барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, қайта өңдеумен және экспортымен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Маңғыстау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады. Компания мұнай және газ кен орындарын жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай келісімшарттар бойынша игеруді жүзеге асырады: № 40 келісімшарт (Өзен және Қарамандыбас мұнай кен орны), № 65 келісімшарт (Актас газ кен орны), № 66 келісімшарт (Тасболат газ кен орны), № 67 келісімшарт (Қарамандыбас газ кен орны), № 68 келісімшарт (Батыс Теңге газ кен орны), № 69 келісімшарт (Оңтүстік Жетібай). 2015 жылғы 9 шілдеде Компанияның мұнай өндіруге лицензиясы 2036 жылға дейін ұзартылды.

ҚМГ БӨ Компанияның жалғыз тікелей акционері болып табылады. ҚМГ БӨ-нің негізгі тікелей акционері Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекеттік мүдделерді білдіретін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - «ҚМГ ҰК») болып табылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ ҰК акцияларының 87,42%-ы «Самұрық – Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық – Қазына»), акциялардың 9,58%-ы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» Республикалық мемлекеттік мекемесіне тиесілі және акциялардың 3%-ы AIX және KASE қор биржаларында еркін айналымда болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2018 жылғы 24 тамыздан бастап ҚМГ ҰК Компания акцияларының 100%-ын сенімгерлік басқарушы болып табылады.

Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігін шығаруға Бас директор, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Қаржы директоры - қаржы бақылаушысы және Бас бухгалтер 2023 жылғы 22 ақпанда бекітті.

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының негізгі аспектілері төменде келтірілген. Бұл есеп саясаты, егер өзгесі көрсетілмесе, көрсетілген кезеңдердің барлығы үшін бірізді етіп қолданылды.

#### Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Бұл қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді. Қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде сипатталғанды қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидатына сүйене отырып әзірленді. Осы қаржылық есептілік теңгемен берілген және егер өзгесі көрсетілмесе, барлық мәндері мыңға дейін дөңгелектенген.

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау елеулі есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікір қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар *3-ескертпеде* ашылған.

Компания бұл түзетулер оның қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізеді деп күтпейді.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)*****Операциялық орта***

Бүтіндей алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып жатқан нарықтарға тән болатын кейбір ерекшеліктерді танытуын жалғастыруда. Әсіресе ол мұнай мен газ бағасының және ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының құбылуына сезімтал келеді. Бұл ерекшеліктерге елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейі жатады, бірақ олармен шектелмейді. Өңірде сақталып отырған саяси шиеленіс, айырбас бағамының волатильділігі, өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың пайда болуын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін көрсетті және көрсетуін жалғастыра алады.

***Украина аумағындағы соғыс***

Украина аумағында 2022 жылы басталған соғыс қаржылық есептілікке әсер ететін ХҚЕС бойынша есепке алудың бірқатар ерекшеліктерінің пайда болуына әкелді.

Көптеген елдер қазірдің өзінде жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына жаңа санкциялар салуды жалғастыруда. Қалыптасқан жағдай, сондай-ақ тауар бағасының, валюта бағамының ықтимал ауытқуы, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті материалдар мен қызметтердің қолжетімділігі және жергілікті ресурстарға қолжетімділік ТМД аумақтарында жүзеге асырылатын қызметтің елеулі көлеміне тікелей әсер етті.

Басшылық қазақстандық экономикадағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжап білуге немесе олардың Компанияның қаржылық жағдайына келешекте ықтимал ықпалын бағалауға қабілетті емес. Басшылық ағымдағы жағдайларда Компания қызметінің тұрақтылығы мен өсімін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолға алып отырғанына сенімді.

***Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер***

Компания 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды, бірақ олар Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Жаңа стандарттардың, сондай-ақ түзетулер мен түсіндірмелердің тізімі төменде көрсетілген:

- «Ауыртпалық түсіретін шарттар – шартты орындау шығындары» 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Концептуалдық негіздерге сілтемелер»;
- «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі мүсімдер»;
- «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС (IFRS) - «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым»;
- «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS) – «Қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы»;
- 41 ХҚЕС (IAS) - «Ауыл шаруашылығы: әділ құнды бағалау кезіндегі салық салу».

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)*****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар***

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;
- 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бухгалтерлік бағалауды айқындау»;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету» ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер;
- 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу»;
- 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Қайта жалдау арқылы сату кезіндегі жаңа жалдау міндеттемесі».

**Шетел валюталарын қайта есептеу**

Қаржылық есептілік Компанияның қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша - «теңге») білдірілген. Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

***Валюталарды айырбастау бағамдары***

2022 жылғы 31 желтоқсанға және 2021 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстандық теңгенің АҚШ долларына ресми бағамы тиісінше 462,65 және 431,80 теңгені құрады. Сомалардың теңгеге, АҚШ долларына немесе өзге де тұрақты валютаға кез келген қайта есептеулері теңгемен мұндай сомалар айырбасталды, келешекте көрсетілген айырбастау бағамдары бойынша немесе өзге де айырбастау бағамдары бойынша тұрақты валютаға айырбасталуы мүмкін немесе айырбасталады деген пайымдау ретінде талқыланды тиіс.

**Мұнай-газ кен орындарын барлау және әзірлеу шығыстары*****Барлауға арналған лицензияны сатып алу шығындары***

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары материалдық емес активтерге капиталданады және барлаудың болжамды мерзімінің ішінде тікжелілік әдіс бойынша амортизацияланады. Әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын растау мәніне қарастырылады. Егер объекті бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, лицензияларды сатып алу шығындарының қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық негізделген пайдалы қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде амортизация тоқтатылады және қалған шығындар барлау шығындарымен бірігеді және қорлар басқа да материалдық емес активтердің құрамында расталғанға дейін кен орындар бөлігінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Әзірлеу ішкі бекітілген және тиісті бақылаушы органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттар алынған сәтке дейін тиісті шығыстар негізгі құралдарға (мұнай-газ активтеріне) ауыстырылады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Мұнай-газ кен орындарын барлау және әзірлеу шығыстары (жалғасы)***Барлау шығындары*

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар болған сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланбайынша материалдық емес активтердің (барлау және бағалау активтері) құрамында капиталданады. Мұндай шығындар жалақыны, материалдарды, жанармай мен электр энергиясын, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер көмірсутектер табылмаса, барлау шығыстары кеуіп кеткен ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер коммерциялық әзірленуі жеткілікті болатын басқа да ұңғымаларды (барлау немесе құрылымдық-іздігіру ұңғымалары) қосуы мүмкін бағалауға жататын көмірсутектер табылған жағдайда, мұндай шығыстар актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар кемінде жылына бір рет әзірлеуді жалғастыру немесе табылғаннан пайда алудың қандай да бір тәсілі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқару тексеруіне жатады. Егер бұл бұдан былай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың қорлары дәлелденгенде және әзірлеуді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ активтері) құрамына аударылады.

*Әзірлеу шығындары*

Платформалар, мұнай құбырлары сияқты инфрақұрылым объектілерін салуға, орнату мен аяқтауға және әзірлеу ұңғымаларын бұрғылауға арналған шығындар, құрғақ ұңғымалар ретінде кезең шығыстарына есепке жатқызылатын көмірсутектердің жеткілікті коммерциялық көлемі табылмаған әзірлеу немесе контурлау ұңғымаларына жататын шығыстарды қоспағанда, негізгі құралдардың құрамында капиталданады.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозуды және құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу бағасынан немесе құрылыс бағасынан, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей қатысты кез келген шығындардан және қажет болғанда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ активтері дәлелденген әзірленген қорлар бойынша өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ активтері 2,5 жылдан 15 жылға дейінгі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Сорғы-компрессорлық құбырлардың пайдалы қызмет ету мерзімі 2,5 жылды құрайды.

Басқа да негізгі құралдар негізінен ғимараттарды, машиналар мен құрал-жабдықты білдіреді, олар 24 жылдан 7 жылға дейінгі орташа алынған пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде желілік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады.

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндірмейтін және жойылуға жоспарланып отырған негізгі құралдар объектілері, өндіруші ұңғымаларын қоса алғанда, есептен шығарылу кезінде немесе активті пайдаланудан келешек экономикалық пайданы алу күтілмейтін актив ретінде есепке алынуын тоқтатады. Активті мойындауды тоқтатудан туындайтын (объектіні өткізуден болған таза түсімдер мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелетін) кез келген кіріс немесе зиян мұндай оқиға болған кезеңде жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе*

---

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Компания активтерді немесе активтер тобын оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздану мәніне бағалайды.

Жекелеген активтер активтердің басқа топтары жасайтын ақша ағымдарынан негізінен тәуелсіз болатын сәйкестендірілген ақша ағымдары бар ең төмен деңгейде құнсыздануын бағалау мақсаттары үшін топтастырылады. Егер құнсызданудың мұндай көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтердің тобын жыл сайын құнсыздану мәніне тестілеу қажет болатын жағдайда Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жүзеге асырады.

Активтер тобының өтелетін құны оларды өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан ең көбі болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асқан жағдайларда активтер тобы құнсыздануға жатады және өтеу құнына дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағымдары активтер тобы үшін тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның ағымдағы құнына дейін дисконтталады.

Әрбір есепті күнге бұрын мойындалған құнсыздану бойынша шығындардың жойылғанын немесе олардың азайғанын көрсететін қандай да бір индикаторлардың бар екендігіне қатысты бағалау жүргізілді. Егер мұндай индикаторлар бар болса, онда өтелетін құн бағаланады. Бұрын мойындалған құнсыздану шығыны, тек егер құнсызданудан болған соңғы шығын танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс болса ғана, түзетіледі. Мұндай жағдайда, активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнына дейін ұлғаяды. Ұлғайтылған құн, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын мойындалмаса, тозуды немесе амортизацияны шегере отырып, айқындалған ағымдағы құнынан аспауы мүмкін емес. Мұндай түзету жазбасы жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Түзетілген жазба жасалғаннан кейін кейінгі кезеңдерде, қалдық құнын шегере отырып, қалған пайдалы қызмет мерзімінің ішінде жүйелі негізде активтің қайта қаралған ағымдағы құнын бөлу үшін амортизация бойынша шығыстар түзетіледі.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге барлау мен бағалаудың капиталдандырылған шығындары және негізінен компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы қамтитын басқа материалдық емес активтер кіреді.

Бизнестен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген сыйақының әділ құны. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды және осы кезең ішінде желілік негізде амортизацияланады. Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады.

**Қаржы активтері*****Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе*

---

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)*****Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)***

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Компания бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Компания қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Компания қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Компания өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Компания активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

***Одан кейінгі бағалау***

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

***Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)***

Бұл санат Компания үшін барынша орынды болып табылады. Компания қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Компания сауда дебиторлық берешекті жатқызады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)*****Одан кейінгі бағалау (жалғасы)******Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері***

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Компанияның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Компанияның қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Амортизацияланған құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарды жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан бастапқыда танылған кезде Компания борыштық құралдарды өз қарауына қарай, егер мұндай жіктеу амалы есептегі сәйкессіздікті жоятын болса немесе айтарлықтай азайтатын болса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы есепте танылады.

***Тануды тоқтату***

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бергенде, не болмаса (б) компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, ол берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Компания талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

***Қаржы активтерінің құнсыздануы***

Компания пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несиелік зиянды (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Компания бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)*****Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)***

НКЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Компания КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Компания несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиянға тең сомда залалдарға бағалау резервін мойындайды. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Компания қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Компания, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Компания ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Компанияның шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Компанияның шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

**Қаржылық міндеттемелер*****Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе зиян; несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай жіктелген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлы қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек жатады.

***Одан кейінгі бағалау***

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:

- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар және кредиторлық берешек).

***Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер***

«Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына Компанияның қарауына қарай жіктелген саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық міндеттемелер жатады. Егер олар таяу арада керіп сатып алу мақсатында болса, қаржылық міндеттемелер саудаға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа сондай-ақ Компания шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу қатынастарының шеңберінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай айқындалмаған туынды қаржы құралдар жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар олар Компанияның қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде жіктелген жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)*****Одан кейінгі бағалау (жалғасы)****Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (жалғасы)*

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зиян пайда немесе зиян туралы есепте танылады.

Бастапқы тану кезінде Компанияның қарауына қарай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

*Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар және кредиторлық берешек)*

Бұл санат Компания үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқы мойындалғаннан кейін сауда және басқа да кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда немесе зиян туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Бұл санатқа, ең алдымен, сауда және басқа да кредиторлық берешек жатады.

***Тануды тоқтату***

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол несие берушінің алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады.

**Тауар-материалдық қорлар**

Тауар-материалдық емес қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: әрбір қойма бойынша бөлек ФИФО әдісі бойынша өзіндік құны және өткізудің таза құны. Оның құнына әрбір затты тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы құйға келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, өндірудің өзіндік құны болып табылады.

Мұнайды өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді. Материалдар мен қорлар әдеттегі қызметтің барысында өтелетін күтілетін сомандан аспайтын құн бойынша ескеріледі.

**Қосылған құн салығы (ҚҚС)**

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС есепке алуға мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады. Дегенмен, ҚҚС-тың есепке алынуына тек салық органдары өтелуге жататын ҚҚС растау үшін жасаған салықтық тексеру нәтижелерінің негізінде ғана жол беріледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеусіз болса, өтелуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС тиісті жағдайларда бұл активке тән болатын тәуекелдерді көрсететін тәуекелсіз мөлшерлеменің көмегімен дисконтталады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе*

---

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, банк салымдарында орналасқан қаражат, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан артық болмайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялар жатады.

**Капитал***Жарғылық капитал*

Жай акциялар, солар бойынша эмитенттің қарауына қарай төленетін дивидендтер капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметіне ақы төлеу шығыстары осы эмиссияның нәтижесінде алынған капиталдың кемітілуі ретінде көрсетіледі.

*Дивидендтер*

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілік шығарылуға бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

**Резервтер**

Егер Компанияның өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Компания резервтердің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжап отырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген. Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол қолданылатын жағдайда нақты міндеттемеге тән болатын тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылатын болса, резервтің ұлғаюы уақыт өткен сайын қаржыландыруға жұмсалған шығыстар ретінде мойындалады.

**Жұмыскерлерге сыйақылар**

Компания қызметкерлердің есептелген жалақысынан зейнетақы аударымдары ретінде тиісті зейнетақы қорларына 10% ұстап қалады. Зейнетақы аударымдарының мөлшері 2022 жылы айына 300.000 теңге сомасымен шектелген (2021 жыл: айына 212.500 теңге). Қолданыстағы қазақстандық заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақымен қамсыздандыруы үшін өздері жауапкершілік көтереді. Компания сондай-ақ өзінің көпшілік қызметкерлерінің кірістерінен олардың зейнетақы қорларына 5% мөлшерінде қосымша кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға міндетті.

*Белгіленген төлемдер бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер*

Компания өз қызметкерлеріне Компания мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға және басқа да құжаттарға сәйкес зейнеткерлікке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді.

Ұжымдық шарт пен басқа да құжаттар, атап айтқанда, зейнетке шығу, зейнетке мерзімінен бұрын шығу бойынша біржолғы жәрдемақыларды төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс өтіліне байланысты.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Жұмыскерлерге сыйақылар (жалғасы)***Белгіленген төлемдер бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер (жалғасы)*

Біржолғы жәрдемақыларды және зейнетке мерзімінен бұрын шығу бойынша жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталғаннан кейін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарларын есептеу кезінде қолданылатын әдістеме бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Ағымдағы қызметтердің құнын, өткен қызметтердің құнын және кадр қысқартуларының немесе жүзеге асырылған есептеулердің әсерін қоса алғанда, өзге де өзгерістер ағымдағы кезеңнің пайда немесе зиян құрамында танылады. Ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құны Компанияның ағымдағы кезеңде қызметтер көрсетуі нәтижесінде белгіленген төлемдер бойынша міндеттеменің келтірілген құнының ұлғаюын білдіреді. Өткен кезеңдердегі қызметтердің құны бағдарламаға өзгерістер енгізу немесе оны қысқарту нәтижесінде белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша міндеттеменің келтірілген құнының өзгеруін білдіреді.

«Қызметкерлерге сыйақы» 19 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес Компания БЖК құрамында белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары бойынша туындайтын қайта бағалаудан түскен пайда мен зиянды таниды. Бұл сомаларды ешқандай жағдайда пайда немесе зиян ретінде қайта жіктеу мүмкін болмағандықтан, олар бөлінбеген пайданың құрамында бірден танылады.

Компанияның белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламасы бар. Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар беру құны еңбек қызметі аяқталғаннан кейін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарларын есептеу кезінде қолданылатын әдісті пайдалана отырып айқындалады. Қайта бағалау нәтижелері келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелмейді.

Компаниялар қызметкерлерге берілетін сыйақылардың сипатын бағалап, тиісті ақпаратты ашуы керек. 19 ХҚЕС (IAS) пайда немесе зиян туралы есепте қызметтердің құнын немесе таза пайыздарды дәл қай жерде көрсету керектігін көрсетпейді. 1 ХҚЕС (IAS) жұмысшыларға пайда немесе зиян ретінде сыйақы төлеуге байланысты шығындарды бөлуге рұқсат береді, бірақ талап етпейді. «Таза пайыздық шығындар» компоненті «міндеттеме бойынша дисконттың амортизациясы» компонентінен және 19 ХҚЕС (IAS) алдыңғы редакциясындағы «активтерге кіріс» компонентінен өзгеше. Таза шығындарды пайыздарға ұсыну тәсілін әзірлеу кезінде ұйымдар 8 ХҚЕС (IAS) 10-тармағының талаптарын қолдануы керек.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламасы бойынша таза міндеттемеге немесе таза активке қатысты дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып айқындалады. Компания «Сату құны», «Әкімшілік шығыстар», сондай-ақ пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте (мақсаты бойынша жіктелуімен) «Сатуға және бөлуге арналған шығыстар» баптарының құрамында белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламасы бойынша таза міндеттеменің аталған өзгерістерін таниды:

- Ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын, өткен кезеңдердегі қызметтердің құнын, секвестрлер мен бағдарлама бойынша жоспардан тыс есептеулер бойынша пайда мен зиянды қамтитын қызметтердің құны;
- Таза пайыздық шығыстар немесе кірістер.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл дисконттау мөлшерлемесі мен өлім-жітім деңгейінің күтілетін өзгерістері. Дисконттау мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады.

Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Кірістерді мойындау**

Компания шикі мұнай мен газды қысқа мерзімді шарттар бойынша, фрахт, сақтандыру және сапаға жеңілдіктердің құнына түзетілген Platt's жариялаған Brent орташа (жоғары/төмен) баға белгілеулерінің орташа 5 мәні ретінде айқындалатын бағалар бойынша өткізеді. Шикі мұнай іс жүзінде кеменің бортына жүктелген немесе кемеден түсірілген, келісімшарт бойынша келісілген талаптарға қарай мұнай құбырына немесе жеткізудің басқа да тетігіне түскен сәттен бастап меншік құқығының өтуі жүзеге асырылады және кірістер әдетте танылады.

Компанияның шикі мұнайды сатуға арналған келісімшарттарында белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде жеткізілуі тиіс шикі мұнайдың барынша көп көлемі көрсетіледі. Тиелген, бірақ сатып алушыға әлі жеткізілмеген шикі мұнай қаржылық жағдай туралы есепте тауар-материалдық қорлар ретінде ескеріледі.

**Салық салу**

Ағымдағы табыс салығы бойынша шығысқа ағымдағы корпоративтік табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық және мерзімі ұзартылған салық жатады.

*Табыс салығы*

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе салық органдарына төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады.

Бұл соманы есептеу үшін есепті күнге қолданыста болған немесе Қазақстан Республикасында нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелері және салық заңдары қолданылды.

*Үстеме пайда салығы*

Үстеме пайда салығы (бұдан әрі мәтін бойынша «ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Компания жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮСП мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салық салынатын кірістің (Корпоративтік Табыс Салығы мен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

*Мерзімі ұзартылған салық*

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында қаржылық есептілік мақсаттары үшін туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша міндеттемелер әдісін пайдалана отырып барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив тек соған қатысты есептен шығарылатын уақыт айырмалары азайтылуы мүмкін салық салынатын пайданы алудың айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақыт айырмалары үшін танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер қолданысқа енгізілген немесе есепті күнге нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелерінің негізінде активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі. Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есепке алуға заңды, заңи тұрғыдан жарамды құқықтар болған кезде есепке алынуы мүмкін.

**3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР**

Компанияның қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе*

---

**3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Пайымдаулар**

Компания басшылығы есепке алу саясатын қолдану барысында, есепті бағалаудан басқа, қаржылық есептілікте бейнеленген сомаға барынша едәуір әсер ететін мынадай пайымдаулар жасады:

***Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім***

Компания сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша барлық түсім белгілі бір уақыт сәтінде түскендігін анықтады, түсімнің мойындалуы Компания басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсім сомаларына әсер ететін пайымдаулар жасауды қажет етеді. Мұнайды өткізуге арналған шарттық қарым-қатынастар басқа талаптармен қатар уақыт өтісімен түсімнің мойындалуына әкеп соқтыра алады.

Компанияның түсіммен операциялар бойынша принципал немесе агент болып табылатындығын бағалау кезінде пайымдау қолданылады. Компанияның принципал ретінде болатындығын анықтау кезінде, келісімдердің талаптары мұқият қаралып, Компания өнімді ол сатып алушыға берілгенге дейін бақылайды деген тұжырым жасалды. Баламалы келісімдерде Компания агент ретінде айқындалуы мүмкін.

Қолданыстағы келісімшарттардың талаптарына сәйкес Компания тиеу немесе тасымалдау қызметтерінің сатып алушыға көрсетілмейтіндігін айқындайды және орындалуға лайықты жалғыз міндет шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату жатады. Тиеу жұмыстары қызмет ретінде көрсетілетіндігін және бұл орындалуға жататын міндеттемені сәйкестендіруге, орындалуға жататын барлық міндеттемелерді белгілі бір уақыт сәтінде мойындауға, сондай-ақ түсімді мойындаудың жалпы мерзімдеріне ықпал ететіндігін айқындау кезінде пайымдау қажет болады. Компания басшылығы тиеу бойынша шығыстар орындалуға жататын бөлек міндеттеме болып табылады деп есептемейді, өйткені солармен байланысты тәуекелдер мен сыйақылар сатып алушыға портта тиеу сәтінде өтеді.

***Мерзімі ұзартылған салық активтері***

Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығы (КТС) үшін, сол сияқты үстеме пайда салығы (ҮПС) үшін есептеледі. Мерзімі ұзартылған КТС пен ҮПС күтілетін мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға байланған активтер мен міндеттемелердегі уақыт айырмаларына есептеледі. Мерзімі ұзартылған КТС пен ҮПС базалары, солар туралы ақпарат *12-ескертпеде* ашылып көрсетілген және салық заңнамасына сәйкес есептеледі. Салық салуға қатысты белгісіздік факторлары туралы ақпарат *16-ескертпеде* ашылып көрсетіледі.

Мерзімі ұзартылған салық активтері басшылықтан Компанияның танылған мерзімі ұзартылған салық активтерін пайдалану үшін келешек кезеңдерде жеткілікті болатын салық салынатын пайданы алатындығының ықтималдылығын бағалауды қажет етеді. Келешек салық салынатын пайданы алуға қатысты жорамалдар басшылықтың келешек ақша ағындарына қатысты бағалауына тәуелді болады. Келешек салық салынатын кірістің бұл бағалаулары операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағындарына (оларға мұнайды өндіру және сату көлемдері, оның бағасы, қорлары, операциялық шығындар, пайдаланудан шығару шығындары, күрделі шығындар, дивидендтер және капиталды басқару бойынша басқа да операциялар әсер етеді) және қолданыстағы салық заңнамасын қолдану туралы пайымдауға негізделген. Егер ақша қаражатының келешек ағындары мен салық салынатын пайда бағалаудан айтарлықтай ерекшеленетін болса, бұл Компанияның есепті күнге көрсетілген таза кейінге қалдырылған салық активтерін өткізу қабілетіне әсерін тигізе алады. Сонымен бірге, Компания жұмыс істейтін юрисдикцияларда салық заңнамасының келешекте өзгеруі Компанияның келешек кезеңдерде салық шегерімдерін алу қабілетін шектеуі мүмкін. Компания басшылығы танылған мерзімі ұзартылған салық активтерін пайдалану үшін келешек кезеңдерде жеткілікті болатындай салық салынатын пайданы алу ықтималдылығын жоғары деп бағалайды.

**Бағалаудың белгісіздігі**

Компанияның есепке алу саясатын қолдану процесінде басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған сомаларды айқындау кезінде бағалау жасады. Төменде бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)*****Мұнай мен газ қорларын бағалау***

Мұнай мен газдың қорлары – Компанияның мұнай-газ кен орындарында экономикалық және заңгерлік тұрғыда өндірілуі мүмкін көмірсутектердің көлемін бағалау. Компания білікті мамандар көмірсутектердің мөлшері, тереңдігі, формасы мен мазмұны, сондай-ақ лайықты болатын өндіру әдістері мен шығарып алу қарқыны туралы геологиялық және техникалық деректерге қатысты жинаған ақпаратқа негізделген өзінің коммерциялық қорлары мен ресурстарын бағалайды. Коммерциялық қорлар мұнай мен газ қорларын бағалауды, шығарып алу коэффициенттерін және шикізатқа келешек бағаларды пайдалана отырып айқындалады, соңғылары шығарып алынатын қорлардың жалпы сомасы мен жалпы қорлардың үлесіне әсер етеді. Келешек күрделі шығындар коммерциялық қорларды өндіруге қажетті ұңғымалардың санына қатысты жорамалдарды, мұндай ұңғымалардың құнын және солармен байланысты өндірістік қуаттылықтарды, сондай-ақ басқа да күрделі шығындарды пайдалана отырып бағаланады.

Компания Қоғамның мұнай-газ инженерлері қоғамының (SPE) әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Компания қорларды бағалау кезінде ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Коммерциялық қорларды бағалау кезінде пайдаланылған Brent маркалы мұнайдың ұзақ мерзімді бағасының ағымдағы пайымдауы баррель үшін 90 АҚШ долларын құрайды (2021 жыл: баррель үшін 70 доллар). 2022 жылғы 31 желтоқсанға мұнай-газ активтерінің баланстық құны *4-ескертілме*де көрсетілген.

Қолданылатын экономикалық жорамалдар өзгеруі мүмкін болғандықтан, кен орнын пайдалану уақытында қосымша геологиялық ақпаратты алу шамасына қарай шығарып алынатын қорлардың бағалануы да өзгеруі мүмкін. Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Мұндай өзгерістер Компанияның қаржылық жағдайы мен нәтижелеріне әсер ете алады, оларға мыналар жатады:

- Мұнай-газ және басқа да активтердің баланстық құны (*4-ескертілме*);
- Жиынтық кіріс туралы есептегі тозу, таусылу және амортизацияланған аударымдар (*4-ескертілме*);
- Активтердің есептен шығарылуы бойынша міндеттемелер – егер қорларды бағалаудағы өзгерістер мұндай іс-қимылдардың жасалатындығына қатысты үміттерге және солармен байланысты мұндай іс-қимылдарға шығындарға әсер етсе (*4 және 8-ескертілме*);
- Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны – мұндай активтерді өтеу ықтималдылығын бағалаудағы өзгерістерге орай өзгеруі мүмкін (*12-ескертілме*).

***Мұнай-газ активтерінің амортизациясы***

Мұнай-газ активтерінің амортизациясы дәлелденген әзірленген қорлардың сомаларына қатысты өндірістік әдіспен есептеледі. Бұл кен орнындағы күтілетін қалған өндірудің тауысылуына тепе-тең болатындай амортизацияның есептелуіне әкеп соқтырады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)*****Мұнай-газ активтерінің амортизациясы (жалғасы)***

Әрбір объектінің қызмет ету мерзімін айқындау кезінде іс жүзіндегі қызмет ету мерзімінің шектелуі, сондай-ақ кен орнының экономикалық шығарылып алынатын қорлардың ағымдағы бағалаулары ескеріледі. Бұл есептеулер бағалаулар мен жорамалдарды, оның ішінде қорлардың көлемі мен келешек күрделі шығындарды пайдалануды қажет етеді. Дәлелденген әзірленген қорлардағы өзгерістер қорларды бағалау кезінде пайдаланылатын факторлардың немесе жорамалдардың өзгеруінен туындауы мүмкін, оның ішінде:

- Шикі мұнайға іс жүзіндегі және болжамды бағалар арасындағы айырма;
- Келешек күрделі шығындарға әсер етуі мүмкін көзделмеген операциялық мәселелер.

***Мұнай-газ активтерінің құнсыздануы***

Компания активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің баланстық құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздану мәніне бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Мұндай есептеулер дисконт мөлшерлемесі, капиталдағы келешек мұқтаждық, тәуекелдер мен айқындықсыздыққа ұшырағыш келетін операциялық шығындар сияқты бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды қажет етеді. Активтің немесе жасайтын бірліктің баланстық құны өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив немесе жасайтын бірлік құнсызданған болып есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады.

Өтелетін құнды бағалау кезінде күтілетін болашақ ақша ағындары активтер/генерациялаушы бірлік тобына тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы құнына дисконтталады. Өтелетін құнды бағалау кезінде Компания пайдалану құндылығы әдісін қолданды.

Компания ақша ағындарын тудыратын өзінің мұнай-газ активтерінің құнсыздануына талдау жүргізді және нәтижесінде құнсыздану индикаторлары анықталған жоқ. 2022 жылғы 31 желтоқсанға мұнай-газ активтерінің әділ құны 573.731.747 мың теңге болды.

Компания өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептейді. 16,43% дисконттау мөлшерлемесі Компания капиталының салық салынғаннан кейінгі орташа алынған құнынан кейін алынды. Жыл сайынғы негізде бекітілетін бизнес-жоспарлар ақпараттың негізгі дерек көзі болып табылады, өйткені олар өндіріс көлемдері, сату көлемдері, кірістер, шығыстар және күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды.

Шикі мұнай бағасы мен инфляция қарқыны сияқты түрлі жорамалдар қолданыстағы бағаларды, шетелдік валюталардың айырбастау бағамдарын және басқа да макроэкономикалық факторларды, тарихи үрдістерді және құбылуларды ескереді. Болжамды ақша ағындары Өндіруге арналған келісімшарт мерзімінің 2036 жылы аяқталу күнімен шектелген. 2036 жылға дейінгі шығындар 2023 жылғы бюджеттің және 2023-2027 жылдарға арналған бизнес жоспарының, сондай-ақ Компанияның басшылығының операциялық және күрделі шығындардағы ықтимал өзгерістер туралы ағымдағы бағалауының негізінде болжанған.

Ақша ағындарының ауқымды бөлігі осы кезеңнен кейін басшылықтың бағалауды жүргізу кезінде қолында болған ең үздік деген бағалауына негізделген күрделі шығындарды қоспағанда, болжанатын инфляция мөлшерлемесін қолдану жолымен болжанды.

Өтелетін құнды бағалауға қажетті басты жорамалдар шикі мұнай бағасы, өндіріс көлемі, валюта бағамы және дисконттау мөлшерлемесі болып табылады. Басты жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық бағаланған.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)****Мұнай-газ активтерінің құнсыздануы (жалғасы)**

Төменде мұнай-газ активтерінің өтелетін құнын бағалау үшін қолданылатын едәуір бастапқы жорамалдар, 2022 жылғы 31 желтоқсанға сезімталдықтың санды талдауымен бірге көрсетілген:

| Едәуір бастапқы жорамалдар  | Мәні                                                     | Мұнай-газ активтерінің өтелетін құнының бастапқы жорамалдарға сезімталдығы                                                                                                                          |
|-----------------------------|----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дисконттау мөлшерлемесі     | 16,43%                                                   | Дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғаюы (азаюы) бағаланған өтелетін құнның 44.662.179 мың теңгеге (48.842.816 мың теңге) азаюына (ұлғаюына) әкеп соқтырады.                                         |
| Сату көлемдері              | 86.265 мың тонна                                         | 2023-2036 жылдар кезеңінде сату көлемінің 5% - ға ұлғаюы (төмендеуі) 34.094.908 мың теңгеге (84.597.956 мың теңге) бағаланатын өтелетін құнның ұлғаюына (төмендеуіне) әкеп соқтырады.               |
| Мұнайдың экспорттық бағасы  | Орта мәні - 94,07 АҚШ доллары/баррель                    | 2023-2036 жылдар кезеңінде мұнайдың экспорттық бағасының 5% - ға артуы (төмендеуі) бағаланған өтелетін құнның 90.221.961 мың теңгеге (130.930.875 мың теңге) ұлғаюына (төмендеуіне) әкеп соқтырады. |
| Ішкі нарықтағы мұнай бағасы | 120.650 теңге/тонна                                      | 2023-2036 жылдар кезеңінде мұнайдың ішкі бағасының 5% - ға артуы (төмендеуі) бағаланған өтелетін құнның 38.468.210 мың теңгеге (38.468.210 мың теңге) ұлғаюына (төмендеуіне) әкеп соқтырады.        |
| Айырбас бағамы              | 1 АҚШ доллары үшін орташа айырбастау бағамы 519,41 теңге | 2023-2036 жылдар кезеңінде айырбас бағамының 5% - ға артуы (төмендеуі) 149.725.172 мың теңгеге (149.942.705 мың теңге) бағаланатын өтелетін құнның ұлғаюына (төмендеуіне) әкеп соқтырады.           |

**Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер**

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Компанияның негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Компанияның міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Компанияның қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық жағынан негіздемелі түрде пайдалануды аяқтау өткенде өтелуі қажет болса, онда көрсетілген міндеттеме ұңғымаларды жою бойынша барлық шығыстарды және жабу бойынша соңғы шығыстарды қосу салдарынан едәуір өсуші еді. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Компанияның міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты. Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі.

| Мүлікке салынатын салық                           | 6.703.412   | 6.161.045   |
| Көлік шығыстары                                   | 5.797.159   | 2.599.019   |
| Басқа салықтар                                    | 610.157     | 518.647     |
| Басқасы                                           | 10.602.232  | 4.319.342   |
|                                                   | 469.340.784 | 340.065.134 |
| Мұнай қалдықтарының өзгеруі                       | (1.275.980) | (1.271.945) |
|                                                   | 468.064.804 | 338.793.189 |
| оның ішінде табиғи газдың өзіндік құны            | 5.823.549   | 3.182.501   |
| оның ішінде мұнайдың өзіндік құны                 | 463.517.235 | 336.882.633 |

**11. ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ, ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

|                                       | 2022 жыл    | 2021 жыл    |
|---------------------------------------|-------------|-------------|
| Рента салығы                          | 139.642.794 | 88.959.269  |
| Экспорттық кеден бажы                 | 80.399.430  | 66.422.869  |
| Көлік шығыстары                       | 65.661.279  | 56.070.474  |
| Жұмыскерлерге сыйақылар               | 7.631.168   | 5.701.814   |
| Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері | 497.029     | 274.774     |
| Тозу, тауысылу және амортизация       | 437.152     | 480.439     |
| Демеушілік                            | 253.090     | 1.214.857   |
| Басқа салықтар                        | 227.917     | 570.546     |
| Сату бойынша агенттің қаламақысы      | 192.562     | 238.359     |
| Кеңес беру және аудиторлық қызметтер  | 111.511     | 119.056     |
| КНЗ резервін есептеу (5-ескертпе)     | 93.169      | 388.043     |
| Айыппұлдар мен өсімшөлдер             | 81.237      | 25.487      |
| Басқасы                               | 2.576.662   | 1.651.537   |
|                                       | 297.805.000 | 222.117.524 |

**12. ТАБЫС САЛЫҒЫ**

Кезеңдегі табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

|                                                                         | 2022 жыл          | 2021 жыл          |
|-------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы                                     | 34.311.527        | 34.054.632        |
| Алдыңғы жылдар үшін корпоративтік табыс салығын түзету                  | 119.520           | —                 |
| <b>Ағымдағы табыс салығы</b>                                            | <b>34.431.047</b> | <b>34.054.632</b> |
| Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша (үнемділік)/шығыс | (322.193)         | 4.230.869         |
| <b>Мерзімі ұзартылған табыс салығы</b>                                  | <b>(322.193)</b>  | <b>4.230.869</b>  |
| <b>Табыс салығы бойынша шығыс</b>                                       | <b>34.108.854</b> | <b>38.285.501</b> |

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***12. ТАБЫС САЛЫҒЫ (жалғасы)**

Келесі кестеде Қазақстандағы табыс салығының мөлшерлемесін Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдаға тиімді салық мөлшерлемесімен салыстырып тексеру келтірілген.

|                                                                                    | 2022 жыл           | 2021 жыл    |
|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|-------------|
| <b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>                                              | <b>136.616.975</b> | 150.208.124 |
| Табыс салығы бойынша шығыс                                                         | <b>34.108.854</b>  | 38.285.501  |
| <b>Тиімді салық мөлшерлемесі</b>                                                   | <b>25%</b>         | 25%         |
| Ресми мөлшерлеме бойынша табыс салығының шығыстары                                 | <b>27.323.395</b>  | 30.041.625  |
| Алдыңғы жылдар үшін корпоративтік табыс салығын түзету                             | <b>119.520</b>     | –           |
| Өзіндік құнынан төмен баға бойынша өткізуден болған есептен шығарылмайтын шығыстар | <b>2.939.383</b>   | 3.875.379   |
| Ағымдағы жылдың мерзімі ұзартылған табыс салығына қатысты түзету                   | <b>–</b>           | 3.360.672   |
| Алдыңғы жылдың мерзімі ұзартылған табыс салығына қатысты түзету                    | <b>2.096.776</b>   | –           |
| Негізгі құралдардың шығуынан болған зиян                                           | <b>958.165</b>     | –           |
| Есептен шығарылмайтын шығыстар                                                     | <b>671.615</b>     | 1.007.825   |
| <b>Табыс салығы бойынша шығыс</b>                                                  | <b>34.108.854</b>  | 38.285.501  |

2022 жылы салықтың негізгі құралдары мен міндеттемелері бойынша уақытша айырмашылықтар есебінен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен кейінге қалдырылған салық активтері түзетілді. Есепті кезеңнің басындағы салықтар бойынша негізгі құралдар мен міндеттемелердің салық базасы тиісінше 6.993.741 мың теңгеге және 3.490.140 мың теңгеге түзетілді.

КТС жататын мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердегі өзгерістер былайша көрсетілген:

**Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив**

|                                  | Негізгі<br>құралдар мен<br>материалдық<br>емес<br>активтер | Резервтер | Салықтар   | Басқасы   | Жиыны       |
|----------------------------------|------------------------------------------------------------|-----------|------------|-----------|-------------|
| <b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>     | 3.936.067                                                  | 8.453.807 | 3.197.374  | 844.332   | 16.431.580  |
| Пайда мен зиян құрамында танылды | (8.081.689)                                                | (336.318) | 3.966.441  | 220.697   | (4.230.869) |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b> | (4.145.622)                                                | 8.117.489 | 7.163.815  | 1.065.029 | 12.200.711  |
| Пайда мен зиян құрамында танылды | (5.381.187)                                                | 506.870   | 4.153.335  | 1.043.175 | 322.193     |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b> | (9.526.809)                                                | 8.624.359 | 11.317.150 | 2.108.204 | 12.522.904  |

**13. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР**

«Жалпы бақылаудағы ұйымдар» санатына ҚМГ ҰК бақылайтын ұйымдар кіреді. «Басқа да байланысты тараптар» санатына Самұрық-Қазына бақылайтын ұйымдар жатады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***13. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)**

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен сатулар және сатып алулар, сондай-ақ 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына байланысты тараптармен мәмілелер бойынша сальдо былайша көрсетілген:

|                                                                     | <b>2022 жылғы<br/>31 желтоқсанда<br/>аяқталған жыл<br/>үшін</b> | <b>2021 жылғы<br/>31 желтоқсанда<br/>аяқталған жыл<br/>үшін</b> |
|---------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| <b>Тауарлар мен қызметтерді сату</b>                                |                                                                 |                                                                 |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар                                           | <b>622.129.663</b>                                              | 552.906.054                                                     |
| ҚМГ ҰК                                                              | <b>280.960.794</b>                                              | 158.944.796                                                     |
| Сатылған мұнайға банк сапасы бойынша шығыстар (Бас компания)        | <b>(5.247.448)</b>                                              | (3.348.517)                                                     |
| <b>Тауарлар мен қызметтерді сатып алу</b>                           |                                                                 |                                                                 |
| МГ ҰК                                                               | <b>16.819.603</b>                                               | 8.031.327                                                       |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар                                           | <b>139.396.955</b>                                              | 94.035.113                                                      |
| Басқа да байланысты тараптар                                        | <b>14.031.622</b>                                               | 12.575.823                                                      |
| <b>Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер</b>                 |                                                                 |                                                                 |
| Директорлар кеңесінің мүшелері                                      | <b>17.333</b>                                                   | 17.333                                                          |
| Саны                                                                | <b>2</b>                                                        | 2                                                               |
| Басқарма мүшелері                                                   | <b>401.490</b>                                                  | 366.421                                                         |
| Саны                                                                | <b>9</b>                                                        | 8                                                               |
|                                                                     | <b>2022 жылғы<br/>31 желтоқсан</b>                              | <b>2021 жылғы<br/>31 желтоқсан</b>                              |
| <b>Сауда және басқа да дебиторлық берешек пен берілген аванстар</b> |                                                                 |                                                                 |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар                                           | <b>87.614.855</b>                                               | 66.872.002                                                      |
| ҚМГ ҰК (5-ескертпе)                                                 | <b>37.652.570</b>                                               | 14.990.083                                                      |
| Басқа да байланысты тараптар                                        | <b>1.531.182</b>                                                | 1.841.691                                                       |
| <b>Сауда кредиторлық берешек</b>                                    |                                                                 |                                                                 |
| ҚМГ ҰК                                                              | <b>2.649.994</b>                                                | 2.328.207                                                       |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар                                           | <b>26.552.064</b>                                               | 12.905.004                                                      |
| Басқа да байланысты тараптар                                        | <b>482.036</b>                                                  | 493.560                                                         |

**Сатулар және дебиторлық берешек**

Байланысты тараптарға сатулар шикі мұнайды ҚМГ ҰК тобының кәсіпорындарына экспорттық және ішкі сатуды білдіреді. Байланысты тараптарға экспорттық сатулар 2022 жылғы шикі мұнайдың 2.081.748 тоннасын (2021 жыл: 2.553.855 тонна) құрады. Шикі мұнайды сату бағасы фрахт, сақтандырудың құнына және сападағы айырмаға берілетін жеңілдікке түзетілген Platt's баға белгілеуіне сілтеме жасай отырып айқындалады. Экспортқа мұндай сатулар бойынша бір тоннаның орта бағасы шамамен 2022 жылы 298.850 теңге (2021 жылы 216.850 теңге) болды.

Сонымен бірге, Компания шикі мұнайды ішкі нарыққа Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ҚМГ ҰК арқылы жеткізеді. Ішкі нарыққа жеткізу көлемі 2022 жыл үшін өндірілген шикі мұнайдың 2.997.632 тоннасын құрады (2021 жыл: 2.724.661 тонна). Ішкі нарықтағы сату бағасы 2016 жылғы 1 сәуірден бастап Бас компаниямен жасалған келісіммен анықталды. 2018 жылғы 1 шілдеден бастап Компания шикі мұнайды ішкі нарықта ҚМГ ҰК-мен жасалған шартқа сәйкес баға бойынша сата бастады.

2022 жылы ішкі нарыққа жеткізілген мұнай үшін Компания бір тоннасы үшін орташа шамамен 93.728 теңге алды (2021 жылы шамамен 58.336 теңге).

Байланысты тараптар бойынша сатудан түскен сауда және басқа да дебиторлық берешек негізінен экспорттық өткізу жөніндегі операцияларға қатысты сомаларды білдіреді.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***13. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)****Сатып алу және кредиторлық берешек**

Шикі мұнайды сатқаны үшін агенттік сыйақы 2022 жылы 192.562 мың теңге болды (2021 жыл: 238.359 мың теңге). Каспий Мұнай құбыры Консорциумы көрсеткен тасымалдау қызметтерін ҚМГ ҰК Компаниясы 11.423.424 мың теңге мөлшерінде өтеп берді (2021 жылы: 3.996.023 мың теңге).

**14. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Компанияның сауда және басқа да кредиторлық берешек сияқты түрлі қаржылық міндеттемелері бар. Компанияның сауда дебиторлық берешек, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді салымдар және ақша қаражаты мен оның баламалары сияқты түрлі қаржы активтері бар.

Компания валюталық тәуекелге, несиелік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және шикізат тауарларына бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыш келеді.

**Валюталық тәуекел**

Компанияның шетел валютасын айырбастау бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Компанияның операциялық қызметіне жатады, өйткені өткізудің негізгі бөлігі АҚШ долларында деноминацияланған, ал барлық шығыстар теңгемен деноминацияланған, сондай-ақ шетел валютасында деноминацияланған инвестицияларға жатады.

Төмендегі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі табысының АҚШ долларының айырбас бағамының мүмкін өзгерістеріне сезімталдығын талдау көрсетілген, әрі оның ықтималдылығын барлық басқа параметрлердің өзгермеуі талабымен (монетарлық активтер мен міндеттемелердің әділ құнының өзгеруі салдарынан) негізделген түрде болжауға болады.

|                 | Теңгенің АҚШ<br>долларының<br>бағамына<br>ұлғаюы / азаюы | Салық<br>салынғанға<br>дейін пайдаға<br>әсері |
|-----------------|----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|
| <b>2022 жыл</b> |                                                          |                                               |
| АҚШ доллары     | 21,00%                                                   | 31.558.984                                    |
| АҚШ доллары     | (21,00%)                                                 | (31.558.984)                                  |
| <b>2021 жыл</b> |                                                          |                                               |
| АҚШ доллары     | 13,00%                                                   | 17.024.881                                    |
| АҚШ доллары     | (10,00%)                                                 | (13.096.063)                                  |

**Несиелік тәуекел**

Компания өзінің сауда дебиторлық берешегіне орай несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Сатудың үлкен бөлігін Компания ҚМГ ҰК үлестес кәсіпорнына жүзеге асырады және Компанияның соған қатысты дебиторлық берешек бойынша тәуекелдің айтарлықтай шоғырлануы бар (5 және 13-ескертпелер). Дебиторлық берешектің қосымша елеусіз үлесі біртекті топтар бойынша бөлінген және жиынтық негізде құнсыздану мәніне үнемі бағаланып отырады, соның нәтижесінде Компанияның үмітсіз берешек бойынша тәуекелі елеусіз болып табылады.

Компания сондай-ақ өзінің инвестициялық қызметінің нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Компания қазақстандық банктерде салымдарды орналастырады.

Қаржы мекемелеріндегі шоттарда қалған қалдықтармен байланысты несиелік тәуекелді Бас Компанияның қазынашылық департаменті Компанияның ақша қаражатын басқару саясатына сәйкес бақылап отырады. Компанияның қаржы мекемелерінің дефолтынан туындайтын несиелік тәуекелге сезімталдығының ең үлкен мөлшері бұл қаржы активтерінің баланстық құнына тең болады.

Келесі кестеде «Standard and Poor's» несиелік рейтингілерін пайдалана отырып есепті күнге банктерде орналастырылған қаржы активтерінің сальдосы көрсетілген, егер өзгесі көрсетілмесе.



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***14. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Несиелік тәуекел (жалғасы)**

|                                 | Орналасқан жері | Рейтинг <sup>1</sup>    |                         | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---------------------------------|-----------------|-------------------------|-------------------------|-------------------------|-------------------------|
|                                 |                 | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |                         |                         |
| <b>Банктер</b>                  |                 |                         |                         |                         |                         |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ      | Қазақстан       | <b>BB (тұрақты)</b>     | BB (тұрақты)            | <b>112.917.013</b>      | 90.489.516              |
| «First Heartland Jusan Bank» АҚ | Қазақстан       | <b>B1 (тұрақты)</b>     | B1 (тұрақты)            | <b>271.308</b>          | 202.723                 |
|                                 |                 |                         |                         | <b>113.188.321</b>      | 90.692.239              |

<sup>1</sup> Дерек көзі: тиісті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктер мен рейтинг агенттіктерінің ресми сайттары.

**Өтімділік тәуекелі**

Компания өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, өтімділік тәуекелін бақылайды. Осы құралдың көмегі арқылы қаржылық инвестициямен және қаржы активтерімен байланысты төлем мерзімі (мысалы, дебиторлық берешек, басқа да қаржы активтері), сондай-ақ операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағымдары талданады.

Жергілікті банктерде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді салымдарды пайдалану арқылы қаржыландырудың үздіксіздігі мен икемділігі арасындағы балансты қолдау Компанияның мақсаты болып табылады.

Келесі кестеде Компанияның 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімдері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдердің негізінде ақпарат көрсетілген:

|                                         | Талап<br>өтілгенге<br>дейін | 3 айдан кем | 3-12 ай | 1 жыл –<br>5 жыл | Астам<br>5 жыл | Жиыны             |
|-----------------------------------------|-----------------------------|-------------|---------|------------------|----------------|-------------------|
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | <b>90.541.522</b>           | –           | –       | –                | –              | <b>90.541.522</b> |
|                                         | <b>90.541.522</b>           | –           | –       | –                | –              | <b>90.541.522</b> |

**Шикізат тауарларына бағалардың өзгеру тәуекелі**

Компания халықаралық нарықтарда АҚШ долларында бағасы белгіленетін шикі мұнайға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыш. Компания, шикі мұнайдың келешектегі бағасының түрлі деңгейлеріне қатысты сезімталдықты талдауды қоса алғанда, жыл сайынғы бюджеттерді және мерзімді болжамдарды дайындайды.

**Капиталды басқару**

Компания Бас компанияның капиталын басқарудың мақсаттарын, саясатын және процедураларын ұстанады. Компания капитал құрылымын сақтау және өзгерту мақсатында дивидендтерді төлеу мөлшерін реттей алады, акционерлерге капиталды қайтара алады, жаңа акцияларды шығара алады және Бас компаниядан қаржыландыруды ала алады.

**15. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ****Әділ құн**

Сауда дебиторлық берешек, мерзімді депозиттер, сауда кредиторлық берешек және қарыздар сияқты қаржы құралдарының әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның 1-ші немесе 2-ші деңгейдегі қаржы құралдары ретінде жіктелген қаржы құралдары болмады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***16. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР****Саяси және экономикалық жағдайлар**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Қазақстан экономикасының келешек тұрақтылығы көпшілік жағдайларда осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкіметтің экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қолданатын шараларының тиімділігіне тәуелді.

**Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері**

Қазақстанның үкіметі мұнай өндіруші компанияларды ішкі энергетикалық мұқтаждықтарды қамтамасыз ету мақсатында өндірілген шикі мұнайдың бір бөлігін ішкі нарыққа жеткізуге міндеттейді. 2018 жылғы 1 шілдеден бастап Компания шикі мұнайды ҚМГ ҰК-ға мұнайды сатып алу туралы шарттың негізінде сатады. Егер Үкімет қазіргі уақытта Компания жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Компания қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

**Салық салу**

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС-тің түсімге, шығыстарға және қаржылық есептіліктің басқа да баптарына қатысты тәсілі жөніндегі пікір. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2022 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Компания басшылығы оның салық заңнамасын түсіндіруі орынды болып табылады және Компанияның салық позициясына қатысты жол берілетін негіздері бар деп есептейді.

**Экспорттық мәмілелер бойынша салық салу**

«Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңына сай халықаралық іскерлік операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тараптардың өзара қарым-қатынастарына немесе мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу дәрежесіне қарамастан жасалған кейбір мәмілелер трансферттік баға белгілеу кезінде («ТББ») мемлекеттік бақылауға алынады. Нарықтық бағаны есептеу кезінде дифференциалды құрауыштар құжаттармен немесе ақпарат көздерімен расталуы тиіс.

2022 жылы, сондай-ақ өткен кезеңдерде, Компания ҚМГ ҰК тобына кіретін байланысты тараптың атына мұнайды шетелге экспорттады. ТБ туралы Заңның талаптарына сәйкес уәкілетті органдардың мәмілеге қатысушылардан, мемлекеттік органдардан және үшінші тұлғалардан нарықтық баға мен дифференциалды анықтауға қажетті ақпаратты, сондай-ақ ТБ бойынша бақылау жасау үшін басқа да деректерді сұратуға құқығы бар.

2022 жылғы дифференциалдың мөлшерін растайтын экспорттық операциялар бойынша бастапқы құжаттаманың түпнұсқаларын, сондай-ақ баррель неттоға фрахттың есептелуін растайтын құжаттарды қоса алғанда, барлық қажетті құжаттарды толық көлемде және «Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңының қолданыстағы талаптарына сәйкес салықтық тексеру басталғанға дейін жинақтауды мұнайды өткізу агенті болып табылатын ҚМГ ҰК жүзеге асырады. Компания басшылығы құжаттардың болмауы себебімен салық салу объектілерін түзетуге байланысты тиісті салық міндеттемелерін, өсімпұлдар мен әкімшілік айыппұлдарды қосымша есептеу тәуекелі елеусіз болып табылмайды деп есептейді.

**Өтелуге жататын ҚҚС**

2022 жылы, Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Салық органының құжаттамалық салықтық тексеру актісіне сай Компанияға бюджеттен 2021 жылдың 2 жарты жылдығында қалыптасқан 5.466.980 мың теңге (2021 жыл: 13.310.497 мың теңге) мөлшерінде ҚҚС артық сомасы қайтарылды.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе*

---

**16. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Экологиялық міндеттемелер**

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар елеулі болуы мүмкін. 8-ескертілгенде ашылып көрсетілген сомалардан басқа, басшылық Компанияның қаржылық жай-күйіне, жиынтық кіріс туралы есепке немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке айтарлықтай әрі теріс әсер ете алатын ықтимал экологиялық міндеттемелер жоқ деп есептейді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша радиоактивті қалдықтардың көлемі: металл сынықтары – 38.239 мың тонна, мұнай шламдары – 29.760 мың тонна (2021: 37.761 мың тонна және тиісінше 40.877 мың тонна).

2022 жылы Компания UTS ЖШС-мен радиоактивті қалдықтарды тазарту туралы тоннасына 144.500 теңге тарифті пайдалану арқылы шарт жасасты. Компания белгіленген тарифтерге сәйкес 7.096.967 мың теңге мөлшерінде резерв есептеді.

**Демеушілік**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 41 қаулысымен бекітілген Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың Кешенді жоспары шеңберінде қаржыландыру жөніндегі міндеттемелер болашақта пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдіктер қолданылған кезде туындайды. Тиісінше, Компания басшылығы бұл міндеттемелер шартты міндеттемелер болып табылады және салық жеңілдіктерін алу кезеңінде есептелуге жатады деп санайды.

**Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдікті мөлшерлеме**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 449 қаулысына сәйкес Компания Өзен кен орнының бір бөлігі бойынша мұнайдың сулануына байланысты пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша 2,6% мөлшерінде жеңілдікті мөлшерлеме алды. Қаулыға сәйкес, жеңілдік мөлшерлемесі 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Өзен кен орны бөлігінде (14, 16, 17 горизонттар) қолданылады және келісімшарт мерзімінің соңына дейін қолданылады.

**Мұнай және газ кен орындарына арналған лицензиялар**

Компания жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен тиісті келісімшарттардың талаптарын орындауға қатысты мемлекеттік органдардың тарапынан мерзімді тексерулердің объектісі болып табылады. Басшылық мұндай тексерулердің барысында анықталған мәселелерді шешуге қажетті түзету шараларын келісу бойынша мемлекеттік органдармен ынтымақтасады. Лицензияда қамтылған ережелерді орындамау айыппұлдарға, өсімпұлдарға, шектеуге, лицензияның тоқтата тұрылуына немесе қайтарылып алынуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компанияның басшылығы келісімшарттардың немесе лицензиялардың талаптарын орындамауға қатысты кез келген мәселелер келіссөздер немесе түзеу шаралары арқылы шешіледі және Компанияның қаржылық жағдайына, жиынтық кіріс туралы есепке немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке айтарлықтай әсерін тигізбейді. Компанияның мұнай мен газдың кен орындары Маңғыстау облыстық әкімшілігіне тиесілі жерде орналасқан. Лицензияларды Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі берді және Компания осы кен орындарында мұнай мен газды барлау және өндіру үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты және үстеме пайдаға салынатын салықты төлейді.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)***Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе***16. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Мұнай және газ кен орындарына арналған лицензиялар (жалғасы)**

2017 жылы Компания байланысты тарап «Қаз ГӨЗ» ЖШС-нен Ақтас, Тасболат, Қарамандыбас, Батыс теңге және Оңтүстік Жетібай газ кен орындарына жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алды. Мерзімінің аяқталуына байланысты Өзен және Қарамандыбас кен орындарына іргелес аумақта көмірсутек шикізатын барлауды жүргізуге арналған № 3579 келісімшарт ҚР Энергетика министрлігіне қайтару сатысында тұр. Компанияның негізгі лицензиялары мен олардың қолданылу мерзімдерінің аяқталатын күндері келесі кестеде көрсетілген:

| <b>Кен орны</b>        | <b>Келісімшарт</b> | <b>Қолданылу мерзімінің аяқталу күні</b> |
|------------------------|--------------------|------------------------------------------|
| Өзен және Қарамандыбас | № 40               | 2036 жыл                                 |
| Ақтас                  | № 65               | 2037 жыл                                 |
| Тасболат               | № 66               | 2037 жыл                                 |
| Қарамандыбас           | № 67               | 2037 жыл                                 |
| Батыс Теңге            | № 68               | 2037 жыл                                 |
| Оңтүстік Жетібай       | № 69               | 2031 жыл                                 |

**Мұнай және газ кен орындарына лицензиялар бойынша шарттық міндеттемелер**

| <b>Жыл</b> | <b>Күрделі шығындар</b> | <b>Операциялық шығыстар</b> |
|------------|-------------------------|-----------------------------|
| 2023       | 135.777.243             | 2.266.269                   |
| 2024       | 107.605.966             | 2.332.728                   |
| 2025       | 99.976.101              | 2.358.037                   |
| 2026       | —                       | 2.384.358                   |
| 2027-2036  | —                       | 10.611.732                  |
|            | <b>343.359.310</b>      | <b>19.953.124</b>           |

**Компанияның заңды мекенжайы:**

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы

Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,

130200 Жаңаөзен,

Қазақстан Республикасы,

Телефоны: +7(72934) 63 110

Факсы: +7(72934) 63 390

[www.ozenmunaigas.kz](http://www.ozenmunaigas.kz)